"ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ

# Болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында Lesson Study тәсілін қолдану: Қыздар университеті студенттерінің тәжірибесі

*Мейркулова Аида Бакытбековна, PhD*
*Академиялық бағдарламаларды әзірлеу және сапаны қамтамасыз ету департаменті*

- Ақпарат тез таралып жатқан заманда ақпаратқа қол жеткізу оңай болғанымен, дұрыс ақпаратқа жету аса шеберлікті қажет етеді. Сонымен қатар, ғылымда болып жатқан жетістіктер, сыни ойлау мен зерттеушілік дағдыларының маңыздылығын арттырып отыр (Bıyık & Kapucu, 2021:146).



# Түлек атрибуттары

**Белсенді және рефлексиялық зерттеу** 1

2 Терең пәндік, цифрлық білім және зияткерлік кең ой-өріс

Шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау, коллаборация (ынтымақтастық) және коммуникация (қарым-қатынас) 3

4 Білім алу мен оқытудағы көшбасшылық және бейімділік

Толеранттылық және эмоционалды интеллект 5

6 Моралдық-этикалық қасиеттер мен жауапкершілік



# Маңызды!

- Ендігі бір маңызды жайт – мұғалімдердің зерттеу дағдаларының болуы және өз тәжірибесін бойынша зерттеу жүргізуі. Өйткені, әрбір оқу күні көптеген ғылыми жаңалықтарға толы және қоғамда терең әлеуметтік өзгерістер орын алады.
- Қазіргі таңда ұстаздың міндетіне барлық жаңалықтарды ескеретін жас ұрпақты тәрбиелеу кіреді. *Осыған сәйкес педагогтардың тиімді әдістер мен озық тәжірибелерді қолдануы өте маңызды.*



- **Lesson study** 1870 жылдары Жапонияда пайда болды. Батыста «Сабақты зерттеу» 21 ғасырдың басында американдық зерттеушілер жапондық студенттердің оқу жетістіктерінің жоғары деңгейін АҚШ студенттерінің ұқсас топтарымен салыстырғанда растағаннан кейін танымал бола бастады. Қазіргі уақытта «Сабақты зерттеу» Жапониядан басқа АҚШ, Ұлыбритания, Сингапур, Гонконг, Қытай, Малайзия, Швеция және Канадада кеңінен қолданылады.



# **Lesson study – «*Сабақты зерттеу» деген не?***

- Lesson study– сабақта оқытудың ерекше формасын сипаттайтын, педагогикалық тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл арқылы мұғалімдер сабақты бірлесіп жоспарлайды, сабақтың өту барысын бақылайды, содан кейін одан әрі жақсарту мақсатында нәтижелерді талқылайды (Dudley, 2015).

- Lesson study - мұғалімдердің үштігі бірлесіп жұмыс істей отырып, өз оқушыларының оқуындағы дамудың белгілі бір саласын анықтау үшін мұғалім тарапынан жетекшілік ететін зерттеудің жапондық үлгісі (Wilson & Sharimova, 2019).



# «Lesson study» Қазақстанда

- «Lesson study» тәсілін алғаш рет жапондық білім беру сарапшылары 2012 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (бұдан әрі – НЗМ) халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында таныстырды. 2017 жылдан бері жыл сайын Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері *«Сабақты зерттеу»* тақырыбындағы аймақтық конференцияларда өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсынады.

- «**Lesson study**»*ЖОО-да жүзеге асыру: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің кейсі.*



## Қыздар университетінде «Lesson study» тәсілі жүзеге асыру процесі төменде көрсетілген:

Студенттердің педагогикалық практикадан өтуі:
Лицейлер мен гимназиялар, мемлекеттік - 19
жалпы білім беретін мектептер – 30
Назарбаев Зияткерлік мектептері – 2

**Оқу-әдістемелік семинарлар**:
Педагогика және психология институты
Филология институты
Физика, математика және цифрлық технологиялар институты
Жаратылыстану институты
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институты

"Ғылым" университеттік ғылыми- практикалық конференцияға қатысу

I. Ұлттық «Lesson study» конференциясы

Кембридж университеті өкілдерінің қатысуымен «Университет пен мектеп серіктестігі конференциясындағы» Постерлерр байқауы және Жобалар қорғау секциялары

**Дипломдық жобаларды қорғау**

**Рефлексиялық тәжірибеден тұрақты көшбасшылыққа I. ұлттық конференция» (НИШ)**

- Конференцияға студенттерді қосқанда 500-ден астам мұғалім қатысты.
- Біздің студенттер «Үздік рефлексиялық зерттеу» және «Үздік постер» номинациялары – 3 орын иеленді.
- Қазіргі уақытта Қыздар университеті Lesson Study зерттеу әдісімен дипломдық жоба жазуды енгізген алғашқы педагогикалық университет болып табылады.















## Кембридж және Назарбаев университеттерінің профессорларының қатысуымен “The pedagogical university and school partnership conference”









# University of Sussex-те семинар-тренинг (Ұлбыритания, 2023 жыл)










# Кембридж университетінің белгілі түлегі QYZPU студенттерімен білімімен бөлісті

31 қазан, 2023



Білім саласында белгілі британдық зерттеуші доктор Томас Харриотт 10 күн бойы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттерімен және оқытушыларымен өз білімімен бөлісті. Мәртебелі мейманды Басқарма төрағасы – ректор Гүлмира Қанай және академиялық қызмет жөні[illegible] мен ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор Зәкір Жұмақұлов үлкен ықыласпен қарсы алды.

Бізге жазып жіберіңіз... Отправьте нам сообщение... jivo

# Жоспар




- **Жапондық Lesson study үлгісін зерттеу және енгізу.**

- **Lesson study** қолдану бойынша 250 педагогикалық ұжымды қайта оқыту.
- Практиктерді тарту.Практикалық базаны кеңейту.
- Lesson Study тәжірибесіне арналған «Педагогикалық идеялар Фестивалды» өткізу.
- Халықаралық Lesson Study қауымдастығының мүшесі болу.

# Назарларыңызға рахмет!




**Call Center**+7 727 237 00 77
**Website:** https://kazmkpu.kz/en/

Алматы, Гоголя көшесі 114